

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі

Бекітемін
Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары
Розакулова

Н.А

2022ж. "19" 08

**«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің 2022-2023 оқу жылына арналған
отырыс жоспары.**

«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

Р/с	Атқарылатын іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты оқытушы
	I- отырыс	Тамыз Қыркүйек	
1	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және әдістемелік кеңестің бекітуіне ұсыну	31.08.2022ж	Садыкова А.Е. ПБ оқытушылары
2	Пән бірлестігі оқытушыларының жүктеме сағаттарын оқу бөлімімен бірлесе бөлу	31.08.2022ж	Тажибеков М Садыкова А.Е.
3	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің оқытушыларының жүктеме сағаттарына қарай оқытушылардың жеке жұмыс жоспары, жұмыс оқу жоспары, күнтізбелік –тақырыптық жоспар бағдарламаларын, бекіту.	31.08.2022ж	Садыкова А.Е. ПБ оқытушылары
4	Тәрбие жоспарын талқылап бекіту.	31.08.2022ж	Абзелова Ұ Садыкова А.Е
6	Әр бір топқа тәлімгер тағайындап, қажетті - құжаттар топтамасын дұрыс жүргізуді ұйымдастыру.	31.08.2022ж	Садыкова А.Е ПБ оқытушылары
7	ПБ оқытушыларына өндірістік құжаттарды толтыру, жүргізу міндеттерін бөліп беру.	31.08.2022ж	Садыкова А.Е. ПБ оқытушылары
8	Білім күнін атап өту.	31.08.2022ж	А.Е.Садыкова ПБ оқытушылары
9	Мамандықтар бойынша іс-тәжірибе бағдарламаларын жасау, бекітуге ұсыну.	31.08.2022ж	И.Рустамов Садыкова А.Е.
10	0204000-дизайн (салалар бойынша) мамандығы Д-202/б, топ студенттерін «кәсіптік практика» іс тәжірибесіне жіберу бойынша конференция өткізу	31.08.2022ж	И.Рустамов Садыкова А.Е.
11	WorldSkills олимпиадасы бойынша «сән технологиясы» құзіреттілігі бойынша шебер сыныптар жоспарын құзіреттілік орталығына тапсыру.	31.08.2022ж	Садыкова А.Е.
	II- отырыс	Қыркүйек	
1	Пән бірлестік оқытушыларының жеке жұмыс жоспары бойынша іс-шараларының жүргізілу барысы	жоспар бойынша	А.Е.Садыкова
2	Аккредитацияның анықтамасы негізінде көрсетілген ұсыныстар бойынша, пән бірлестік оқытушыларының санаты бойынша жұмыс жүргізу.	жоспар бойынша	А.Е.Садыкова
3	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің статистикалық жылдық жоспарын жасау.	жоспар бойынша	ПБ төрайымы: А.Е.Садыкова
4	Оқытушылардың педагогикалық шеберліктерін жетілдіру және шығармашылық шамаларын дамыту мақсатында пән бірлестік оқытушылардың ашық сабақ жоспарларларын жыл бойына жоспарлап колледж әдіскеріне тапсыру.	жоспар бойынша	ПБ төрайымы: А.Е.Садыкова
5	041316 3- сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілігі (бейіні бойынша) Ақ-191\б және Ақ-201\Б топ студенттерін кәсіптік іс тәжірибесіне жіберу бойынша конференция өткізу	1.09.2021ж	А.Е.Садыкова

«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

Р/с	Атқарылатын іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты оқытушы
	I- отырыс	Тамыз Қыркүйек	
1	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және әдістемелік кеңестің бекітуіне ұсыну	31.08.2022ж	Садыкова А.Е. ПБ оқытушылары
2	Пән бірлестігі оқытушыларының жүктеме сағаттарын оқу бөлімімен бірлесе бөлу	31.08.2022ж	Тажибеков М Садыкова А.Е.
3	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің оқытушыларының жүктеме сағаттарына қарай оқытушылардың жеке жұмыс жоспары, жұмыс оқу жоспары, күнтізбелік –тақырыптық жоспар бағдарламаларын, бекіту.	31.08.2022ж	Садыкова А.Е. ПБ оқытушылары
4	Тәрбие жоспарын талқылап бекіту.	31.08.2022ж	Абзелова Ұ Садыкова А.Е
6	Әр бір топқа тәлімгер тағайындап, қажетті - құжаттар топтамасын дұрыс жүргізуді ұйымдастыру.	31.08.2022ж	Садыкова А.Е ПБ оқытушылары
7	ПБ оқытушыларына өндірістік құжаттарды толтыру, жүргізу міндеттерін бөліп беру.	31.08.2022ж	Садыкова А.Е. ПБ оқытушылары
8	Білім күнін атап өту.	31.08.2022ж	А.Е.Садыкова ПБ оқытушылары
9	Мамандықтар бойынша іс-тәжірибе бағдарламаларын жасау, бекітуге ұсыну.	31.08.2022ж	И.Рустамов Садыкова А.Е.
10	0204000-дизайн (салалар бойынша) мамандығы Д-202/б, топ студенттерін «кәсіптік практика» іс тәжірибесіне жіберу бойынша конференция өткізу	31.08.2022ж	И.Рустамов Садыкова А.Е.
11	WorldSkills олимпиадасы бойынша «сән технологиясы» құзіреттілігі бойынша шебер сыныптар жоспарын құзіреттілік орталығына тапсыру.	31.08.2022ж	Садыкова А.Е.
	II- отырыс	Қыркүйек	
1	Пән бірлестік оқытушыларының жеке жұмыс жоспары бойынша іс-шараларының жүргізілу барысы	жоспар бойынша	А.Е.Садыкова
2	Аккредитацияның анықтамасы негізінде көрсетілген ұсыныстар бойынша, пән бірлестік оқытушыларының санаты бойынша жұмыс жүргізу.	жоспар бойынша	А.Е.Садыкова
3	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің статистикалық жылдық жоспарын жасау.	жоспар бойынша	ПБ төрайымы: А.Е.Садыкова
4	Оқытушылардың педагогикалық шеберліктерін жетілдіру және шығармашылық шамаларын дамыту мақсатында пән бірлестік оқытушылардың ашық сабақ жоспарларларын жыл бойына жоспарлап колледж әдіскеріне тапсыру.	жоспар бойынша	ПБ төрайымы: А.Е.Садыкова
5	041316 3- сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілігі (бейіні бойынша) Ак-191\б және Ак-201\Б топ студенттерін кәсіптік іс тәжірибесіне жіберу бойынша конференция өткізу	1.09.2021ж	А.Е.Садыкова

7	Топ жетекшілерінің тәрбие жұмыс жоспарына ашық тәрбие сағаттарын есепке алу.	13.09.2022ж	Садыкова А.Е. Салибекова А.Е.
8	2022-2023 оқу жылының дизайн және өнер пән бірлестік бойынша НОБД құжаттарын толық тапсырылуын, қажетті өзгерістер сәйкесінше толықтырылуын қадағалау.	13.09.2022ж	Топ тәлімгерлері
9	2022–2023 оқу жылына қабылданған, ауысып келген 1-курс студенттері бойынша сынақ кітапшаларының толық ашылып, тіркелуін қадағалау.	13.09.2022ж	Садыкова А.Е. Нартаев Ф.М. Топ тәлімгерлері
III-отырыс		Қазан	
1	Ұстаздар мерекесін атап өту	3.10.2022ж	«Дизайн және өнер» пән бірлестік оқытушылары.
2	Студенттер күні мерекесін атап өту	10.10.2021ж	«Дизайн және өнер» пән бірлестік оқытушылары.
3	0214100 сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейн бойынша) Ак-222 топ студенттерін «өндірістік» іс тәжірибесіне жіберу бойынша конференция өткізу.	17.10.2022ж	И Рустамов Садыкова А
4	Бітіруші Д-202\Б тобының және Ак-201\Б, Ак-191\Б топтарының диплом тақырыптарымен дипломдық жетекшілерін анықтау	25.10.2022ж	Садыкова А.Е. Мырзаев М.А.
5	Пән бойынша студенттерді Worldskills олимпиадасына дайындық жұмыстары бойынша жоспар түзу.	25.10.2022ж	Садыкова А.Е. ПБ оқытушылары
6	Екі айда бір реттік студенттердің білімдерін аралық бақылау/рейтинг/ жұмыстарын талдау, кері байланыс-директорлық бақылау жұмыстарын ұйымдастыру	25.10.2022ж	Садыкова А.Е.
7	Студенттердің сабаққа қатысуын және білім алу деңгейін қадағалау	25.10.2022ж	Садыкова А ПБ оқытушылары
8	Студенттерді халықаралық, республикалық, облыстық олимпиадаларға, конкурстарға және ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуға ынталандыру	ай сайын	Садыкова А ПБ оқытушылары
9	«Сән технологиясы» құзіреттілігі орталығының ұйымдастыруымен өтілетін «Бір тігісті жең сызбасы» тақырыбында шебер сынып өткізу	28.10.22.	Садыкова А.Е.
10	Тәуелсіздіктің 31-жылдығына орай Алтын күз тақырыбында көрме және дефиле ұйымдастыру	Жоспар бойынша	Садыкова А.Е. ПБ оқытушылары
IV-отырыс		Қараша	
1	Топ тәлімгерлерінің тәрбие жұмыстарының орындалуы мен оқу топтарындағы студенттердің сабаққа қатынасуы бойынша есептерін тыңдау.	22.11.2022ж	ПБ оқытушылары
2	Курстық қарау жұмыстарының орындалу барысын қадағалау	22.11.2022ж	Садыкова А.Е.
3	Студенттердің сабаққа қатысуын және білім алу деңгейін қадағалау	22.11.22ж	Садыкова А ПБ оқытушылары
4	Оқытушылардың әдістемелік шеберлігін, мамандарды даярлау сапасына жауапкершілігін арттыру мақсатында жұмыс жүргізу	22.11.22	ПБ төрайымы: Садыкова А.Е.

5	«Сән технологиясы» күзіреттілігі орталығының ұйымдастыруымен өтілетін «Екі әдіпті қималы қалта» тақырыбында шебер сынып өткізу	8.11.22	Саипова М.Ф
6	«Сән технологиясы» күзіреттілігі орталығының ұйымдастыруымен өтілетін «Тік жағаны өңдеу технологиясы» тақырыбында шебер сынып өткізу	15.11.22ж	Халмурадова Р.К
7	«Сән технологиясы» күзіреттілігі орталығының ұйымдастыруымен өтілетін «Тік белдемшенің етегін өңдеу » тақырыбында шебер сынып өткізу	22.12.22ж	Камбыл Ұ
8	«Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері » , «Дизайн» мамандығы оқытушыларының сапалық құрамы пайызын арттыру және өндірістік шеберлерді жұмысқа тарту оқытушылардың өндірістік тағлымдамадан (стажировка) өту білім деңгейінің пайызын арттыру және түлектердің мамандық бойынша жұмысқа орналасу пайызын арттыру мақсатында жұмыс жүргізу	Кестеге сай	Тажибеков М.И Садыкова А Мырзаев М
V-отырыс		Желтоқсан	
1	Жас оқытушы мамандардың әдістемелік шеберлік деңгейлері бойынша атқарылған жұмыс жайында колледж әкімшілігіне есеп беру	1 апта	Садыкова А.Е. Жас мамандар жетекшісі
2	ПБ оқытушыларының өзара сабаққа ену жұмыстарының әдістемелік талдау есептерін қабылдау, сабақтарға ену.	1 апта	ПБ оқытушылары
3	Жылдық тәрбие және жұмыс жоспарларының оқу процесіне сай жүргізілуін қадағалау	2 апта	Садыкова А.Е.
4	Аттестациядан өтетін оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету	2 апта	ПБ оқытушылар
5	Қысқы сессияға даярлық жұмыстары (Емтихан, сынақ сұрақтары, билеттерді даярлау, бекіту, тапсыру)	1 апта	Садыкова А.Е. ПБ оқытушылары
6	Жаңа жыл мерекесін өткізу	Жоспар бойынша	ПБ оқытушылар
7	Заманауи технологияларды қолдану жолындағы кәсіби өсуіне мүмкіншілік жарату. Инновациялық жобалау мен инновациялық семинар сабақтарына оқытушыларды қатыстыру. Модульдік оқыту және рейтинг-бағалау жүйесінің ерекшеліктері	Жоспар бойынша	Салибекова Н Тогусова А
8	«Сән технологиясы» күзіреттілігі орталығының ұйымдастыруымен өтілетін «Екі әдіпті қақпақшалы қалта» тақырыбында шебер сынып өткізу.	7.12.2022ж	Салибекова Н
9	«Сән технологиясы» күзіреттілігі орталығының ұйымдастыруымен өтілетін «Эскиздегі лупа әдісі» тақырыбында шебер сынып өткізу	14.12.22ж	Тогусова А
10	Оқытушылардың оқу сағаттарының орындалуы жайында оқу бөліміне статистикалық есеп беру.	19.12.2022ж	ПБ оқытушылары.
11	Әдістемелік нұсқаулықтары мен жинақтардың дайындығы туралы есеп беру.	19.12.2022ж	Пән оқытушылары
б-отырыс		Қаңтар	
1	Оқу жүктемесі сағаттарының және жеке жұмыс жоспарларының орындалуы туралы есеп.	05.01.2023ж	Садыкова А.Е. ПБ оқытушылары
2	Қысқы сессия қорытындысын шығару, пән бірлестігі бойынша студенттер мен оқу топтарының	05.01.2023ж	Топ тәлімгерлері

	үлгерім деңгейлері бойынша педагогикалық кеңеске есеп беру.		
3	ПБ – нің I жарты жылдық бойынша жұмыс жоспарларының орындалуы туралы есеп беру.	05.01.2023ж	Садыкова А.Е.
4	«Дизайн және өнер» пән бірлестік оқытушыларының жарты жылдық жүктеме сағаттары бойынша есеп беруі.	04.01.2023ж	ПБтөрайымы. Садыкова А.Е.
5	2-ші жарты жылдықта бөлінген сағат, пәндерге ЖОБ,КТЖ жасап әдістемелік кеңеске ұсыну.	05.01.2023ж	ПБ оқытушылары. ПБтөрайымы. Садыкова А.Е.
6	ПЦК жүргізіліп жатқан пән үйірмелерінің жарты жылдық есептерін қабылдау.	5.01.2023ж	Садыкова А.Е. Абзелова Ұ. О.
7	041316 3- сәндік қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілігі (бейіні бойынша) Ақ-201\Б топ студенттерін «дипломдық жоба» іс-тәжірибесіне жіберу бойынша конференция өткізу	23.01.2023ж	Рустамов И Садыкова А
	7- отырыс	Ақпан	
1	Ақпан айы бойынша студенттердің үлгерім деңгейлері бойынша пән оқытушылары мен тәлімгерлердің есептерін қабылдау, әдістемелік кеңеске материал дайындау	21.02.2023ж	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
2	Сыртқы оқу бөлімі бойынша мемлекеттік емтихан сұрақтарын даярлау	21.02.2023ж	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
3	Топ тәлімгерлерінің оқу топтарындағы сабаққа қатысу мен студенттердің үлгерім көрсеткіші бойынша есебін тындау	21.02.2023ж	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
4	Оқытушылардың сабақтарына ену талдау.	21.02.2023ж	Жетекшілер
5	0214100 сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейн бойынша) Ақ-222 топ студенттерін «өндірістік» іс тәжірибесінен келуі бойынша конференция өткізу.	20.02.2023ж	Өндірістік шебер және топ тәлімгері
	8- отырыс	Наурыз	
1	8 наурыз қыз-келіншектер мерекелеріне орай топ тәлімгерлері ашық тәрбие сағаттарын өткізуін қадағалау іс-шаралар ұйымдастырып, өткізу.	Жоспарға сай	Садыкова А.Е. Тажибеков М.И.
2	22- наурыз мерекесіне орай студенттер арасында «дәстүрінді сақтай біл» атты ұлттық киімдер көрмесін өткізу	Жоспарға сай	Садыкова А.Е Дизайн пән бірлестігінің оқытушылары
3	Оқытушылардың пән бойынша міндетті бақылау жұмыстарының орындалуын бақылау	Жоспарға сай	Садыкова А.Е Дизайн пән бірлестігінің оқытушылары
4	Аттестацияға дайындық жұмыстарының қорытындысы	Жоспарға сай	Дизайн пән бірлестігінің оқытушылары
5	Студенттерді халықаралық, республикалық, облыстық олимпиадаларға, конкурстарға және ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысуға ынталандыру	ай сайын	Садыкова А ПБ оқытушылары
6	ПБ оқытушыларының кесте бойынша өзара сабаққа енуін және ашық сабақтар орындалуын бақылау.	ай сайын	Садыкова А ПБ оқытушылары

9- отырыс		Сәуір	
1	4 курс Д-202\Б тобы 0402000- Дизайн (салалары бойынша) мамандығының студенттерінің «дипломдық жоба» іс-тәжірибесіне жіберу конференциясын бойынша тапсырмалар беру, әдістемелік кеңеске есеп беру.	7.04.23ж	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
2	2 курс Д-222\Б тобы 0402000- Дизайн (салалары бойынша) мамандығының студенттерінің «өндірістік» іс-тәжірибесіне жіберу конференциясын өткізу және әдістемелік кеңеске есеп беру.	14.04.23ж	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
3	Топ тәлімгерлерінің оқу топтарындағы сабаққа қатысу мен студенттердің үлгерім көрсеткіші бойынша есебін тыңдау	21.04.23ж	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
4	Оқытушылардың 2-жарты жылдық бойынша, Әдістемелік нұсқаулық дайындығын тексеру, бекітуге ұсыну.	21.04.23ж	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
5	Студенттердің техникалық шығармашылық жұмыстарын дамытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру. Дефиле	21.04.23ж	Садыкова А.Е. ПБ пән бірлестік оқытушылары
10- отырыс		Мамыр	
1	Жазғы сессияға дайындық (Емтихан, сынақ сұрақтарын, билеттерді даярлау, бекіту, тапсыру)	1-апта	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
2	Студенттердің жеке, өз бетінше жұмысын бақылау өтеу сабақтары бойынша оқытушылардың есебін тыңдау	2- апта	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
3	4-курс 0204000-Дизайн мамандығының студенттерінің «дипломдық жоба» іс тәжірибелерінде диплом жетекшілерімен бірлесіп жасаған дипломдық жұмыстарын қадағалау	2- апта	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және жауапты оқытушылар
4	Мемлекеттік емтихан, диплом қорғау жұмыстарының орындалуы жүйелілігі туралы есеп беру	4-апта	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
11- отырыс		Маусым	
1	Мемлекеттік емтихан қорытындысын шығару, педагогикалық кеңеске есеп беру.	1-апта	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар
2	Тәрбие жұмыстары бойынша тәлімгерлердің есептерін қабылдау, тәрбие бөліміне есеп беру.	2- апта	ПБ төрайымы және оқытушылар
3	Оқу жылының қорытындысы бойынша пән бірлестік оқытушыларының оқу жүктеме сағаттарының орындалуы, жеке жұмыс жоспарларының орындалуы туралы есептерін қабылдау, педагогикалық кеңеске материал дайындау.	2- апта	ПБ төрайымы және оқытушылар

4	Сыртқы оқу бөлімі бойынша мемлекеттік емтиханды өткізуге қатынасу, қорытындысы бойынша есеп тапсыру	3- апта	ПБ төрайымы төрайымы және оқытушылар
5	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің 2022-2023оқу жылдарында атқарған жұмыстары туралы қорытынды талдама есеп тапсыру	3-апта	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы және оқытушылар

«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің төрайымы :  А.Е. Садыкова

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі

Бекітемін
Директордың оқу ісі
жөніндегі орынбасары


Розакулова Н.А

2022ж. "29" 08

**«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің 2022-2023оқу жылына арналған оқу
тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жоспары.**

Ақсукент 2022 ж

«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің құрамы
0204000«Дизайн» және 0413000«сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері»
мамандығы бойынша мамандар тізімі

1. Садыкова А.Е. – ПБ төрағасы
2. Саипова М.Ф. – ПБ оқытушысы
3. Халмуратова Р.К - ПБ оқытушысы
4. Салибекова Н. – ПБ оқытушысы
5. Тогусова А– ПБ оқытушысы
6. Камбыл Ұ– ПБ өндірістік оқыту шебері
7. Қосқұлақов Е.А. - ПБ оқытушысы
8. Мырзаев М.А. ПБ оқытушысы
9. Сайбиев Н. ПБ өндірістік оқыту шебері

КОЛЛЕДЖ ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- Білім беру қызметтерінің сапасын арттыру;
- Оқытушылардың кәсібилігін арттыру;
- Заманауи еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын мамандарды дайындау;
- Білім алушылардың жан-жақты дамуына қолайлы орта құру;
- Білім жүйесіндегі дуалды және модульдік, модульдік-кредиттік оқытуды дамыту;
- Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды және инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану;
- Мамандарды кәсіби құзыретті, көп тілді, әлеуметті белсенді тұлға ретінде қалыптастыру;
- Жаңа мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес жаңа экономикалық жағдайларда жұмыс істеуге қабілетті, құзыретті мамандар даярлаудың сапасын бақылау;
- Материалды-техникалық базаны үнемі жаңалап отыру;
- Кадрлар дайындауда әлеуметтік серіктестіктермен тығыз жұмыс жүргізу;
- Аймақтық маңызы бар кәсіби құзыреттіліктерді игерген, бәсекеге қабілетті бітірушіні дайындау мақсатымен теоретикалық және өндірістік оқытудың заманауи педагогикалық технологияларын білім беру үрдісіне енгізу;
- Колледж бітірушілерін жұмысқа орналастырудың жаңа әдістерін әзірлеу.

КОЛЛЕДЖДІҢ МИССИЯСЫ

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы -нарық сұранысына қарай біліктілік пен мақсаттылықты анықтап, білім саласындағы жаңғырту мен жаңару мәселелеріне көңіл аудару, бітірушілердің жоспарлы түрде жұмысқа орналасуы мен қызмет бабында өсуіне мемлекеттің ықпал етуі және кепілдік беруі болып табылады. Облыстың және мемлекеттің экономикасы мен салаларының өнімділік әлеуетін арттыруға қабілетті жоғары жеке қасиеттері бар, теориялық және тәжірибелік дағдыларының жоғары деңгейлі білікті мамандарды даярлау.

Пән бірлестіктің ұйымдастыру жұмыстарының мақсат, міндеттері.

Инновациялық тәжірибелердің сараптамасы критерийлерін өңдеу, - инновациялық жұмыс бағытын бақылау.

Оқытатын және қолданбалы бағдарламаларды барлық кезеңдерімен, кеңінен компьютерлік техникамен қамтамасыздандырылған ақпараттық технологияларды қолдану.

Білім сапасымен оқыту нәтижесінің бақылауы үшін үздіксіз мониторинг және білім сапасының менеджмент жүйесін енгізу.

Оқытушылардың қызметіндегі рейтингтік бағалау жүйесін одан әрі қолдану.

Пән бірлестіктің материалдық-техникалық базасын заманға сай құрал-жабдықтармен, ор техникамен, техникалық және дидактикалық оқыту тәсілдерімен қамтамасыздандыруды күшейту, нығайту және толық жетілдіру.

Студенттердің педагогикалық іс-тәжірибелерінің ұйымдастырылуын және одан әрі жұмысқа орналасу мониторингін нығайту мақсатында әлеуметтік серіктестікті күшейту.

Пән бірлестік және мамандыққа қатысты кітап қорын мемлекеттік тілдегі қағаз және электрондық оқулық (диск) түріндегі, заманға сай оқу – әдістемелік әдебиеттер есебінен толтыру

I. Ұйымдастыру жұмыстары

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Колледждің миссиясы, пайымы, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері.	Тамыз	ПБ оқытушылары
2.	02120200 «Киім дизайны» мамандығының стратегиялық даму жоспары (2022 – 2026 оқу жылдары)	Тамыз	ПБ төрайымы: Садыкова А.Е.
3.	02140100 «Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері» мамандығының стратегиялық даму жоспары (2022 – 2026 оқу жылдары)	Тамыз	ПБ төрайымы: Садыкова А.Е және Мырзаев М.
4.	Пән бірлестігінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және педагогикалық кеңестің бекітуіне ұсыну.	Тамыз	ПБ төрайымы: Садыкова А.Е.
5.	Пән бірлестігі оқытушыларының жүктеме сағаттарын бөліп беру.	Тамыз	ПБ төрайымы Өндірістік бөлім меңгерушісі Тажібеков М.И.
6.	Бақылау жұмыстары, оқу–әдістемелік материалдардың дайындығын қадағалау • Курстық, бақылау және дипломдық жұмыстар • Ағымдағы емтихан және сынақтар Мемлекеттік емтихандар, диплом жұмысын қорғау бойынша жетекшілерді бөліп беру	Тамыз	ПБ төрайымы Өндірістік бөлім меңгерушісі
7.	Пән бірлестікке қарасты кабинеттерді санитарлық талаптарға сай жаңа оқу жылына дайындау.	Тамыз	Кабинет меңгерушілері
8.	Колледж студенттер арасында техника қауіпсіздік шараларын жүргізу.	Қыркүйек	ПБ төрайымы: Садыкова А.Е. Топ тәлімгерлері
9.	Мамандықтар бойынша іс-тәжірибе бағдарламаларын жасау, бекітуге ұсыну	Кесте бойынша	Садыкова А.Е. Жауапты практика әдіскерлері
10.	Пән бірлестік оқытушыларының жеке жұмыс бойынша іс-шараларының жүргізілу барысы	Кесте бойынша	ПБ оқытушылары
11.	Білім беру жұмыстарының сапасын арттыру. Оқу үрдісін 2022- 2023 жж. талап етілген стандарттарына сәйкес қамтамасыз ету.	Кесте бойынша	Садыкова А.Е.
12.	Оқытушылардың өзара сабаққа ену бойынша есеп беруі.	Кесте бойынша	ПБ оқытушылар
13.	Қысқы сессияға сынақ, емтихан билеттерін дайындау, бекіту.	Кесте бойынша	ПБ оқытушылар
14.	Курстық қарау және дипломдық жұмыстарын орындалу барысын қадағалау	Кесте бойынша	ПБ төрайымы Садыкова А.Е.
15.	Пән бірлестік апталығының жоспарын бекітіру, апталықты ұйымдастыру	Кесте бойынша	ПБ төрайымы Садыкова А.Е.

			Колледж әдіскері Исмагуллаева А
16	Оқытушылардың пән бойынша міндетті бақылау жұмыстарының орындалуын бақылау.	Кесте бойынша	ПБ оқытушылар
17	Мемлекеттік емтихан болатын пәндер бойынша өткізілетін консультацияларды кестесін оқу әдістемелік бөліміне ұсыну	Кесте бойынша	ПБ оқытушылар
18	Жылдық тәрбие және жұмыс жоспарларының оқу процесіне сай жүргізілуін қадағалау	Кесте бойынша	ПБ төрайымы
19	Пән оқытушыларының сабақтарды заманауи технологияларды қолдану жолындағы кәсіби осуіне мүмкіншілік жарату. Инновациялық жобалау мен инновациялық семинар сабақтарына оқытушыларды қатыстыру.	Кесте бойынша	Салибекова Н Тогусова А
20	Облыстық семинарларға, конференцияларға қатысуын қадағалау	Кесте бойынша	Колледж әдіскері ПБ төрайымы
21	Тәуелсіздіктің 31-жылдығына орай Алтын күз тақырыбында көрме «жәрмеңке» және «дефиле» ұйымдастыру	Кесте бойынша	ПБ оқытушылар

II. Оқу - әдістемелік жұмыс

№	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Пән бірлестігінің жас оқытушыларына тәлімгерлер тағайындау, сабақтарына ену, әдістемелік көмек көрсету және әдістемелік талдау жасау.	Жыл бойы	ПБ төрайымы Садыкова А.Е.
2.	Пән бірлестікте жоспар бойынша бекітілген облыстық деңгейде, «Ашық медиа» сабақтардың өткізілуін қадағалау	Жыл бойы	Әдіскер ПБ төрайымы Садыкова А.Е.
3.	Пән бірлестікте жоспар бойынша ВСК олимпиадасына дайындық бойынша облыстық деңгейде «Сән технологиясы» күзиреттілігі шебер сынып сабақтарының өткізілуін қадағалау	Кесте бойынша	Әдіскер ПБ төрайымы Садыкова А.Е.
4.	Оқытушылардың өзара сабаққа ену кестесін дайындау	Жыл бойы	ПБ төрайымы
5.	«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің стратегиялық жоспарын жасау 2022-2026оқу жылына	Дер кезінде	Садыкова А.Е.
6.	0204000«Дизайн» мамандығы және 0413000«сәндік қолданбалы және	Жыл бойы	ПБ төрайымы

	халықтық кәсіпшілік» мамандығындағы, Білім беру сапасын бағалау, оның мемлекеттік білім беру – кәсіптік бағдарламаларға сәйкестігін анықтау.		
7.	Қорытынды аттестация бойынша мемлекеттік емтихандар кестесі, 0204000 Дизайн мамандығының дипломдық жобаларды қорғау, мемлекеттік емтихан материалдарын дайындау, комиссия мүшелеріне әлеуметтік серіктестерден тарту, құрамын бекіту.	Кесте бойынша	ПБ төрайымы Садыкова А.Е.
8.	02120200 «Киім дизайны» мамандығы және 0140100 «Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері » мамандығы оқытушыларының сапалық құрамы пайызын арттыру, оқытушылардың стажировкадан өту білім деңгейінің пайызын арттыру және түлектердің мамандық бойынша жұмысқа орналасу пайызын арттыру мақсатында жұмыс жүргізу	Жыл бойы	ПБ төрайымы Садыкова А.Е.
9.	Білім беру сапасын бағалау, оның мемлекеттік білім беру-кәсіптік бағдарламаға сәйкестігін анықтау мақсатында оқу топтарында екі айда бір реттік рейтинг өткізу. Студенттердің білімдерін аралық бақылау/рейтинг/ жұмыстарын талдау, кері байланыс-директорлық бақылау жұмыстарын ұйымдастыру.	Жыл бойы	ПБ төрайымы Садыкова А.Е.
10	Дизайн және өнер пән бірлестігінде қол өнер жұмыстары бойынша өтілетін үйірме жұмыстарының орындалу барысын қадағалау. 1.Нұрлы сәуле 2.Алтын оймақ 3.Шебер қолдар	Жыл бойы	ПБ төрайымы Садыкова А.Е.
11	Аттестаттау, курстық даярлау және оқытудың өзге де тәсілдері арқылы педагог кадрлардың сапалық құрамының өсуіне, педагогтардың өздігінен білім алу және өзін-өзі дамыту, кәсіби біліктілік пен шеберлікті арттыру үдерістеріне әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру	Кестеге сай	ПБ төрайымы Садыкова А.Е. Колледж әдіскері: Исмагуллаева А
12	Міндетті бақылау жұмыстары, курстық жұмыстары және пән бойынша әдістемелік нұсқаулардың тақырыптарын бекіту, әдістемелік кеңеске мәлімет беру.	Кесте бойынша	ПБ оқытушылары
13	Жас мамандардың әдістемелік шеберлік деңгейлері бойынша атқарылған жұмыс жайында колледж әкімшілігіне есеп беру	Кесте бойынша	ПБ оқытушылары

14	Пәндер бойынша әдістемелік құрал ретінде студенттерге арналған әдістемелік нұсқаулық жасау	Кесте бойынша	ПБ оқытушылары
15	Аттестациядан өтетін оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету	Кесте бойынша	Әдістемелік бөлім
16	Аттестаттаудан өтетін оқытушылардың сабақтары мен сыныптан тыс іс-шараларына қатысу	Кесте бойынша	Әдістемелік бөлім
17	Колледж ішілік WorldSkills «Сән технолгиясы» күзіреттілігі байқауын өткізу	Кесте бойынша	Садыкова А.Е. Саипова М.Ф. Салибекова Н
18	Колледждің сайтына «дизайн және өнер» пән бірлестік оқытушылардың бейне сабақтарын, жыл бойы атқарылатын іс-шаралар, жаңалықтар, оқу-әдістемелік мәліметтерді студенттерге және сыртқы стейкхолдерлерге қол жетімді болуы үшін дер кезінде орналастыру	Ай сайын	ПБ төрайымы: Садыкова А.Е.
19	Әр айы сайын студенттердің үлгерім деңгейлері бойынша пән оқытушылары мен тәлімгерлердің есептерін қабылдау, әдістемелік кеңеске материал дайындау	Ай сайын	Топ тәлімгерлері
20	Міндетті бақылау жұмыстарының орындалуы бойынша пән оқытушыларының есептерін қабылдау, әдістемелік кеңеске материал дайындау	Кесте бойынша	ПБ оқытушылары
21	Әдістемелік нұсқаулықтардың дайындығын тексеру, бекітуге ұсыну.	Кесте бойынша	Колледж әдіскері ПБ төрайымы ПБ оқытушылары
22	Студенттерді халықаралық, республикалық, облыстық олимпиадаларға, конкурстарға және ғылыми-тәжірибелік конференцияларға тарту	Кесте бойынша	ПБ оқытушылары

«Дизайн және өнер» пән бірлестік төрайымы:

Садыкова А.Е.

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі

Бекітемін

Колледж әдіскері

А.М. Исмагуллаева

« 4 » 10 2022ж.



Шебер сынып жоспары

Пәні: «Киім үлгілерін конструкциялау» (*Worldskills талантарын игері*)

Мамандық: 02120200 - Киім дизайн

Біліктілігі: 4S2120203-Киім дизайнері

Тобы: Д-212\Б 2-курс

Оқытушы: Садыкова А.Е.

Сабақтың тақырыбы: Бір тігісті қондырмалы жең сызбасы

Күні: 28.10.2022ж

Шебер сынып жоспары

Сабақтың тақырыбы: Бір тігісті жең сызбасы

Модуль /пән атауы_ «Киім үлгілерін конструкциялау» (*Worldskills талантарын игері*)

Дайындаған педагог Садыкова А.Е.

Жалпы мәліметтер

Курс: 2-курс

Тобы Д-212/Б

Сабақтың түрі: тәжірибелік

Пәнаралық байланыс: Тігін бұйымдарын құрастыру,

Сабақ өту әдісі: Шығармашылыққа дамыта оқыту әдісі.

Шеберлік сыныбының мақсаты: Шеберлік – сынып қатысушыларының қызығушылығын тудыру.

Әдіс-тәсілдерді қолдануы және тәжірибе алмасу.

Оқытушы тыңдаушылар және қатысушылармен тиімді жұмыс тәсілдерін қолдана отырып, сабақ өткізу.

Күтілетін нәтиже: Бір тігісті жең бұйымдарының негізгі сызбасын тұрғызады.

Пішімнің барлық бөліктерінде тігіске және қайырмаға қосымша қалдыру жолдарын біледі және есептеу жолдарын біледі

Дамытушылық: Эстетикалық талғамы мен ұйымдастырушылық ойлау қаблеттерін дамыту, практикалық іс-әрекеттерін қалыптастыру, шығармашылық жұмыстарға қызығушылығын арттыру.

Тәрбиелік: Оқушыларды әдемілікке, әсемдікке, ұқыптылыққа, үнемділікке тәрбиелеу, жүйелі еңбекке баулып, эстетикалық тәрбие беру.

Көрнекіліктер: интерактивті тактамен жұмыс, қарындаш, маркер, сызғыш түрлері, плакат, миллиметрлі қағаз түрі, см таспа, қайшы, масштабты сызғыш, шеңбер сызар.

Сабақта қолданылатын көрнекіліктер:

Қосымша әдебиеттер мен ақпарат көздері: Э.К. Амирова. Труханова. Сақулина. Сатыбалдинова. «Тігін өндірісінің технологиясы» «Киім тігу технологиясы» т.б
Ғаламтор желісі. <http://www.liveinternet.ru/users/lenatroc/post222301721>

Сабақтың барысын ұйымдастыру

Сәлемдесу.

1. Топ студенттерін тізім бойынша сабаққа қатысуын тексеру.
2. Студенттердің назарын сабаққа аудару.
3. Шебер сыныпқа қажетті құрал жабдықтарын түгелдеу.
4. Шеберлік – сынып қатысушыларының қызығушылығын тудыру


Шебер сынып тақырыбы: Бір тігісті қондырмалы жең сызбасы

Киімдерде ең көп кездесетін жең қондырма жең. Жең – қолдың тұтас немесе белгілі бір бөлігін жабатын, киімнің негізгі бөлшегі. Ол қысқы, отраша немесе ұзын болуы мүмкін. Жең пішімінің түріне байланысты қондырма жең, реглан жең, тұтас пішілген жең болады.

Қондырма жең – қолтық ойындысы бойынша біріктіріледі және қондырма жең екі тігісті немесе бір тігісті болады.

Қондырма жеңнің түрлері


1. Жейделі
2. Түзу
3. Жіңішке
4. Төмен қарай кеңейтілген
5. Фонарик
6. Крылышка
7. Колокол



Негізгі өлшем сызықтары



Бір тігісті жеңнің негізгі сызбасын құру



Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі

Бекітемін
Колледж әдіскері
А.М. Исмагуллаева
«7» 10 2022ж.



Шебер сынып жоспары

Пәні: *Материалды көркемдеп өңдеу шеберлігі*

Мамандық: 02120200 - Киім дизайн

Біліктілігі: 4S2120203-Киім дизайнері

Оқытушы: *Камбыл Ұ.Р.*

Сабақтың тақырыбы: «Тік белдемшенің етегін өңдеу»

Күні: 22.11.2022ж

Ақсукент 2022ж

Шебер сынып жоспары

Сабақтың тақырыбы: «Тік белдемшенің етегін өңдеу»

Модуль /пән атауы_ *Материалды көркемдеп өңдеу шеберлігі*

Дайындаған педагог: Камбыл Ұ.Р.

Сабақтың түрі: тәжірибелік

Пәнаралық байланыс: Тігін бұйымдарын өңдеу

Сабақ өту әдісі: Шығармашылыққа дамыта оқыту әдісі.

Шебер сыныбының мақсаты: тік белдемшені ылғалдық - жылулық өңдеуден өткізуден оқушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Тік белдемшенің етегін өңдеу жолын үйренеді.

Дамытушылық: оқушылардың тиімді жұмыс тәсілдерін пайдалана білу қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: оқушыларды тәртіптілікке, эстетикалық мәнерге, еңбек мәдениетіне тәрбиелеу.

Корнекіліктер: үтік, торлау машинасы, желімді таспа, қайшы, бор, қосымша лекало, нұсқау картасы.


Сабақта қолданылатын көрнекіліктер:

Бұйымның түйіндік өңделуі Т Сулейменова, Әйелдер және балалар киімдерін дайындау технологиясы, технологиясы Қ. Кучарбаева, Т. Амреева, Г. Чимекеева Э.К. Амирова. Труханова, Сакулина, Сатыбалдинова. «Тігін өндірісінің технологиясы» «Киім тігу технологиясы» т.б



Шебер сынып тақырыбы: «Тік белдемшенің етегін өңдеу»

Тік белдемшенің етегі үлгісі мен мата қасиетіне байланысты әртүрлі тәсілмен өңделуі мүмкін: жабық қиықты етегі қайырылған тігіспен, етегін қайырып, торланған ашық қиықты тігіспен, шеттікті немесе жабық ызбамен.

Тік белдемше етегін алдын ала дәлдейді. Ол үшін белдемшені өң бетімен алдыңғы және артқы бөліктерінің бүйір тігістерін, бүкпелерді, етек қиықтарын т.б. сәйкестендіріп, ортасынан бүктейді. Лекало көмегімен дәлдеп, етегінің қайыру сызығын салады. Белдемшенің төменгі қиығын арнаулы машинамен өң жағынан торлайды. Содан соң қайыру қосымшасын бір немесе екі тігіммен бүгіп көктейді. Қайырылатын қиықты бүктемеден 10мм етіп бірінші тігіммен бүгіп көктейді, ал екіншісін-торланған қиықтан 10мм бүгіп көктелген етекте қолмен (жасырын жапсыру инешаншымымен) немесе арнаулы машинамен жапсырып тігеді.



3.44-сурет. Бұйымның етек қиықтарын өңдеу



Тік белдемшенің соңғы өңделуі

Белдемшенің үлгісіне байланысты белдемшенің белдігіне ілмектерді белгілеп, арнаулы машинамен негізгі мата түсіне сәйкес түсті жіппен ілмектерді торлайды, ылғалдық жылумен өңдеу алдында уақытша салынған жіптің бәрін алып тастайды.

Дайын белдемшенің ылғалдық-жылулық өңдеу ылғалды үтікпен белдемшенің теріс жағынан белдікті үтіктеуден бастап орындайды. Содан соң белдемшенің алдыңғы және артқы жағын сол жақ бүйір тігісінен бастап бұйымның етегіне жеткізбей үтіктейді. Белдемшенің оң жағына айналдырып, төменгі шетін жұмыс жасаушыға қаратып жатқызады. Жоғарғы шетін қайтарып қойып, белдемшенің етегін біртіндеп бұйымды қозғай отырып, бастыра үтіктейді.

Шебер сышып сабағын қортындылау :

Тік белдемшенің етегін желімді таспамен қолдану ақылы студенттердің шығармашылық қаблеттерін арттыру. Кез келген уақытта өздеріне керек кезде бейне таспаны ашып көріп түсінбеген жерлерін қайта көріп өз тәжірибелерінде қолдануға ұсынылды.

Сабақ бойынша рефлексия

Жаңа сабақтар бойынша сұрақтар қояды. Шығармашылық сабақтар бойынша қорытындылау.

Үй тапсырмасы

Білетін ақпараттарын жаңа мәліметтермен толықтыру. Дайын белдемшенің етегін көрсетілген әдістер бойынша өндеп келу.

Пән оқытушысы:  Камбыл Ұ.Р.

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі

Бекітемін

Колледж әдіскері


А.М. Исмагуллаева

«8» 11 2022ж.

Шебер сынып жоспары

Пәні: Материалды көркемдеп өңдеу шеберлігі

Мамандық: 02120200 - Киім дизайн

Біліктілігі: 4S2120203-Киім дизайнері

Оқытушы: Саипова М.Ф.

Сабақтың тақырыбы: «Екі әдіпті жарма қалтаны өңдеу»

Күні: 08.11.2022ж

Ақсукеңт 2022ж

Шебер сынып жоспары

Сабақтың тақырыбы: «Екі әдіпті жарма қалтаны өңдеу»

Модуль /пән атауы_ *Материалды көркемдеп өңдеу шеберлігі*

Дайындаған педагог Саипова М.Ф.

Сабақтың түрі: тәжірибелік

Пәнаралық байланыс: Тігін бұйымдарын өңдеу

Сабақ өту әдісі: Шығармашылыққа дамыта оқыту әдісі.

Шебер сыныбының мақсаты: Шебер сынып бенетаспасын көруші және қатысушыларының қызығушылығын тудыру. Оқытушы тиімді жұмыс тәсілдерін қолдана отырып, сабақ өткізу.

Күтілетін нәтиже: Екі әдіпті жарма қалтаны өңдеу жолын үйренеді.

Дамытушылық: Екі әдіпті жарма қалтаны өңдеу барысында кәсіби дағдыларын қалыптастыру және жауапкершілігін арттыру ой өрісін дамыту, дұрыс шешім қабылдау нәтижесіне баулу.

Тәрбиелік: Оқушыларды әдемілікке, әсемдікке, ұқыптылыққа, үнемділікке тәрбиелеу, жүйелі еңбекке баулып, эстетикалық тәрбие беру.

Көрнекіліктер: үтік, тігін машинасы, дайын қалта түрлері, нұсқау картасы, сантиметрлік таспа.

Сабақта қолданылатын көрнекіліктер:

Бұйымның түйіндік өңделуі Т Сулейменова, Әйелдер және балалар киімдерін дайындау технологиясы, технологиясы Қ. Кучарбаева, Т. Амреева, Г. Чимекеева Э.К. Амирова. Труханова, Сакулина, Сатыбалдинова. «Тігін өндірісінің технологиясы» «Киім тігу технологиясы» т.б

Шебер сынып тақырыбы: «Екі әдіпті жарма қалтаны өңдеу»

Екі әдіпті жарма қалта кесілуіне қарай түзу және фигуралы сызықты, үлгілерге байланысты әр түрлі бағытты болуы мүмкін : горизонталь, қиғаш және вертикаль. Екі әдіпті жарма қалтаны өңдеу үшін келесі бөлшектер қажет : қалтаның үстіңгі және төменгі шетін өңдейтін, негізгі матадан пішілген әдіп-2 бөлшек, негізгі матадан пішілген көмкерме әдіп-1 бөлшек, қалта астары-1 бөлшек (2 бөліктен тұруы мүмкін), бойлық -1 бөлшек. Қалта астары колнекор, бөз немесе астарлы матадан пішіледі, негіз жібі бөлшек бойымен бағытталады.

Бойлық желімді немесе желімсіз мақталы матадан пішіледі, негіз жібі бөлшек бойынан өтеді.

Қалта бөлшектері өңдеу тәсіліне байланысты әр түрлі әзірленеді. Әдіптер алдыңғы бойға қалта сызығы бойынша жазық түрде немесе бүгіп үтіктеліп, біріктіріліп, тігілуі мүмкін. Жұқа маталы бұйымдарда көмкерме әдіп қалта астарының үстіне өң бетін сыртқа қарата келтіріледі.

Жоғары және бүйір кесінділерін түзулеп, көмкерме әдіптің ішкі кесіндісін 0,7-1,0 см қайырып, қалта астарына қайырылған шеттен 0,1-0,2 см қашықтықта бастырып тігеді.

Қалың маталы бұйымдарда көмкерме әдіп қалта астарына 0,5-0,7 см тігіспен біріктіріліп тігіледі.

Екі әдіпті қалталардың өңделуі қалта астарын өңдеу және қалтаны жинақтаудан тұрады. Алдыңғы бойда көмекші лекало көмегімен үш сызықпен қалта орны белгіленеді: бір горизонталь және екі вертикаль. Алдыңғы бойдың теріс жағынан бойлық түсіріледі. алдыңғы бойдың оң бетіне оң жағын төмен қарата және кесінділерін белгілеген қалта сызығына түйістіріп әдіптер қойылады. Әдіптердің бүйір жағы қалта ұштарынан бірдей қашықтықта шығып тұруы тиіс.


Әдіптер қалта рамкасы немесе жиегіне біріктіріп тігіледі. Тігіс басымен аяғы бекітіледі. Бойлық тұсынан әдіптердің біріктіріп тіккен тігістері тексеріледі. Тігіс сызықтары параллель және бір деңгейде бітуі тиіс. Әдіпті біріктіріп тіккен тігістер ылғалдандырылады және айырып үтіктеледі.

Алдыңғы бой қалта сызығы бойымен бойлық тұсынан, қақпақшалы қалтаны өңдегендей кесіледі. Әдіптер теріс жаққа аударылады. Тігістер айналдырылады және әдіптерді біріктіріп тіккен тігіс енінен рамка құралады. Шеттері түйістіріліп тұзуленеді. Қалтаның төменгі және жоғарғы тұстары JACK F4 өндірістік машинада ұзындығы 0,7-0,8 см қиғаш тепшімен әдіптің біріктірілу тігісінен 0,2 см аралығында тігіледі. Қалтаның төменгі шеті оң тұсынан 0,7-0,8 см тігіс енімен машиналы тігіспен бекітіледі.


Көмкерме әдіпсіз қалта астарының кесіндісі төменгі әдіпке беттестіріліп, 0,7-0,8 см тігіс енімен біріктіріліп тігіледі.

Қалта астарының екінші ұшы жоғарғы әдіп кесіндісімен беттестіріледі. Қалтаның жоғарғы шетін және көмкерме әдіппен бірге қалта астарын бекіту үшін, жоғарғы әдіпті біріктіріп тіккен тігіске машина тігісі түсіріледі.

Қалта ұштарына бекітпе машинада немесе қол тәсілімен түзу бекітпе түсіріледі.



Әдіптің дұрыс қосып тігілгендігін негізгі бөлшектің теріс жағынан тексереді. Онда әдіпті қосып тігу тігістері параллель болып, қалталарда белгіленген кесе көлденең сызықтармен бір деңгейде аяқталуы тиіс.



1. Қалта аузын теріс жағынан қалтаның ортасынан бастап екі жағынан бірдей тіледі. Қалта шеттерінен 1-1,5 см қашықтықта тігістердің ұштарына қарай көлбеу бағытта тіліктермен қырқады, 0,1-0,2 см жеткізбей. Қалта аузын арқылы, әдіпті теріс жағына айналдырады.

2. Әдіптің ұштарын оның жиектері түйісетіндей етіп тартып созады, Әдіптің шеттерін қиғаш көктейді.

3. Арнайы матамен оң жағынан бастыра үтектеу.

4. Қалтаның ұштарын бекіту. Әдіптің ұштарын оның жиектері түйісетіндей етіп тартып созады, қалта бұрыштарындғы тілді теріс бетінен негізгі бөлікке машиналық 2 тігіспен біріктіреді.


5. Көктеу тігісін суру.

6. Қалтаны арнайы матамен оң жағынан бастыра үтектеу.

7. Астардың үстінен көмкерме орналастырады қосып тігеді ., жоғарғы әдіпке қосып тігеді 0,7-1 см.

8. Төменгі әдіпке қалта астарын қосып тігу.

Қалта астарын мен әдіпті оң жағымен беттестіріп қосып тігу. Тігіс ені 0,7-1 см.




9. Қалта астарын сырып тігу.

Қалтаның астарын қалтаның бұрыштарын бекітіп және астардың бұрыштарын дөңгелете отырып үш жағынан сырып тігеді. Тігістің ені 1 см. Бұйым астарсыз болған жағдайда арнайы машинамен торлайды.

10. ЫЖЖ жүргізу.

Дайын қалтаны сол жағынан, содан соң оң жағынан арнайы шүберекпен бастыра үтектеу.



Шебер сынып сабағын қортындылау :

Екі әдіпті жарма қалта бейнетаспасын қолдану ақылы студенттердің шығармашылық қаблеттерін арттыру. Кез келген уақытта өздеріне керек кезде бейне таспаны ашып көріп түсінбеген жерлерін қайта көріп өз тәжірибелерінде қолдануға ұсынылды.

Пән оқытушысы:

М.Ф. Саипова

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледж



БЕКІТЕМІН
Колледж әдіскері
Исмагуллаева А.М.
«14» _____ 2022ж.



Инновациялық сабақ тақырыбы:


Модулдік оқыту және рейтинг- бағалау жүйесінің ерекшеліктері.

Тогусова А.А.
Салибекова Н.И.

Жоспар:

1. Модульдік оқыту технологиясы
2. Модульдік оқыту жүйесінің ерекшеліктері.
3. Балдық-рейтингтік әріптік жүйесі
4. Рейтинг- бағалау жүйесінің ерекшеліктері

Топқа бөлу



Сабақтың мақсаты: Қатысушыларға бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін, критериялы бағалаудың сабақ үрдісіндегі маңыздылығын көрсету.

1. Модульдік оқыту технологиясы

Модуль – оқу мазмұны мен технологияны біріктіріп тұрған мақсатты функционалды байланыстырушы.

Оқу модулі, негізінен, үш құрылымды бөліктен: кіріспе, сөйлесу бөлімі және қорытынды бөлімнен тұрады.

Әр оқу модулінде сағат саны әртүрлі болады. бұл оқу бағдарламасы бойынша сол тақырыпқа, тақырыптар тобына немесе тарауға бөлінген сағат санына байланысты. Зерттеулер нәтижесі 7-12 сағаттан тұратын оқу модулінің неғұрлым тиімді екенін көрсетті.

Оқу модулінің өзгешілігі – жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің меншігінде болады.

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Содан соң мұғалім осы оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде) сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді.

Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін, қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы сөйлесу бөлімі сабақтарында жүзеге

асырылады.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы, негізінен, оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған. Оқушылар қандай да бір деңгейдегі тапсырмаларды өздері таңдайды. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті.

Оқу модулінің сөйлесу бөлімінің тағы бір ерекшелігі бар. Зерттеу көрсеткеніндей, оқытудың белсенді және ойын формаларын кеңінен қолдану оқушылардың оқу материалына бірнеше мәрте 13-тен 24 ретке дейін қайта оралып, жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

«Кім жүйрік?» әдісі

Қартың болса,

1. Өз баланды өскенше бағасың,
2. Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді, Әйел сергек ұйықтаса,
3. Ағасы бардың жағасы бар,
4. Ұлың өссе, ұлы жақсы мен ауылдас бол
5. Ағаның үйі –
6. Қонақ асына емес қабак –
7. Қонақ жаман болса, үй иесі қыдырады,
8. Су анасы –, сөз анасы –, жол насы –
9. Жаманмен досы болғанша, ж

Жауабы:

1. Қартың болса жазып қойған хатпен тең.
2. Өз баланды өскенше бағасың, Немеренді өлгенше бағасың.
3. Еркек сергек ұйықтаса, ырыс бітеді, Әйел сергек ұйықтаса, жұмыс бітеді.
4. Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар.
5. Ұлың өссе, ұлы жақсы мен ауылдас бол Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол.
6. Ағаның үйі – ақ жайлау.
7. Қонақ асына емес қабак – қасына риза.
8. Қонақ жаман болса, үй иесі қалдырады, Үй иесі жаман болса, қонақ қыдырады.
9. Су анасы – бұлақ, сөз анасы – құлақ, жол насы – тұяқ.
10. Жаманмен досы болғанша, жақсының жауы бол.

2. Модульдік оқыту жүесінің ерекшеліктері

Модульдік технологиямен оқытуға тән ерекшелік – модульдегі басқару қызметі өзін-өзі басқару қызметі және өзін-өзі бағалау қызметімен алмасады. Оқыту процесінің дамуына қарай мұғалім оқытуды тиімді ұйымдастыру мәселесі бойынша кенесші және координатор рөлін көбірек атқаратын болады. Оқытуды басқару біртіндеп көзге білінбейтін, жабық түрдегі басқаруға айналады.

Модульдік оқытуға мынадай тәуелділік тән: оқытудың ақсатына – жеке тұлғаның шығармашылық дербестігін қалыптастыруға – теориялық жалпылау деңгейінде оқытудың мазмұны арқылы оқушылардың репродуктивті, продуктивті іс әрекетін іске асыратын әдістердің көмегімен қол жеткізеді.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетін күтілетін нәтижеге және оған қол жеткізудің тиімді жолдарын іздеуге бағыттайтын мақсаттарды айқындау деңгейінде оқыту процесін дамыту бағыты беріледі, танымдық дербестігінің даму қарқыны анықталады. Оқытудың бастапқы кезеңінде бірінші модульмен жұмыс барысында оқушылар мұғаліммен бірге оқытудың мақсаттары мен міндеттерін айқындайды. Модульдің құрамдас бөліктерінің бірінен екіншісіне көшкен уақытта дәл сол бөліктегі оқу материалдарын толық меңгерудің қажеттілігін, яғни келесі бөліктегі материалдарды онсыз түсінуге болмайтынын

оқушылардың саналы сезінуіне жағдай жасау керек. Осылайша оқушылар өз әрекеттерінің бағдарламасын өздігімен құруға біртіндеп дағдыланады.

Модульдегі оқу материалдарын орналастырудың ерекшелігі олардың белгілі бір принциптер, заңдылықтар, жетекші идеялар деңгейінде игерілуін қамтамасыз етеді, әрекеттің жалпыланған тәсілдерін қалыптастырады. Бұл өз кезегінде оқушылардың танымдық дербестігі мен қабілеттілігін дамытады. Тек қарапайым міндеттерді ғана емес, жаңа технологиялық және практикалық міндеттерді шешуге итермелейді.

«Ой толғаныс» әдісі



Бұл кезеңде күнделікті оқыту үдерісінде оқушы өзіндік толғаныс, дағды-машықтарын ұйымдастыру, өзіне де, өзгеге де сын көзбен қарап, баға беруге үйренеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды салмақтап, салыстырып, түйіндеп өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалармен пікір алмастырады, үйренеді. Бұл үйрену сатысы — ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын қорытынды кезең болып табылады. Әртүрлі шығармашылықпен ой салыстыру болашақта қолданылатын мақсатты әрекеттерге жетелейді.



3. Балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

- оқытушыға оқу жетістіктерінің әр деңгейіндегі білім алушылар санатын объективті бағалауға және сенімді түрде саралауға мүмкіндік береді;
- жаңа шешімдер іздеуге және ғылыми-шығармашылық белсенділікті (креативті құзыреттілікті) дамыта отырып, оқу және оқудан тыс уақытта білім алушылардың жүйелі түрде өзіндік белсенді қажеттілігін ынталандырады;
- оқу мен жеке жетістіктерін өзіндік бағалау рефлексияға әсер етеді. Рефлексия мінез-құлықты және өзін-өзі дамытуды реттеудің негізгі факторына айналады және білім алушының болашақтағы жетістіктерін алдын-ала анықтайды.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі

Бағалаудың әріптік жүйесі	Сандық эквивалент	Ұпайлардың мазмұнды пайызы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	Жақсы
C+	2,33	70-74	
C	2,00	65-69	
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	
F	0,00	0-49	Қанағаттанарлықсыз

4. Рейтинг- бағалау жүйесінің ерекшеліктері

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау рәсімі

Оқу пәні/модулі бойынша білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау теориялық және практикалық сабақтардың, өндірістік оқыту мен практиканың әрбір тақырыбы бойынша жүргізіледі.

Ағымдағы білімді бақылаудың мақсаты білім алушылардың оқу процесі барысында оқытылатын пәндер / Модульдер мазмұнын меңгеру сапасын тексеру болып табылады. Ағымдағы бақылау топтық сабақтар (семинарлар, практикалық сабақтар және т.б.) барысында оқытушы тандаған нысанда жүзеге асырылады.

ФНО студент а	13 09	15 09	16 09	19 09	PO 01	25 09	27 09	01 10	05 10	06 10	10 10	PO 02	13 11	15 11	16 11	PO 03	1 11	4 11	5 11	9 11	PO 04	0 11	0 11	0 11	0 11	PO 05	0 11	0 11	0 11	PO 06	(рейтинг)	(орында)	Уақыт	Нот	
Студент	75	80	85	90	82,5	75	85	90	92	95	98	90	78	86	82	82,3	78,2	85,5	85,5	87,5	87,7	90	90	90	90	90	90	90	90	90	80,4	79,3	89	83,06	
Студент	67	87	98	90	85,5	80	88	80	90	67	87	82	87	90	67	81,3	82,9	90,8	90,6	90,6	94,7	90	90	90	90	90	90	90	90	90	84,5	89,6	86,3	70	51,6

Қорытынды баға (рейтинг) пән/модуль бойынша мына формула бойынша есептеледі:

$$K = 0,6 \times (PO 1 + PO 2 \dots) / N + 0,4 \times E, \text{ мұнда:}$$

PO-оқыту нәтижесі;

N-оқыту нәтижелерінің саны;

E-емтихан бағасы немесе сараланған тест.

«Пазл» әдісі

Мақсаты: Командалар құру, топ ішінде рөлдерді бөлу дағдысына үйрету.

Ресурстар: Кішкентай «миқатырғыш пазлдар» (суретті отыратқаны бірнеше бөліктерге бөлуге де болады)

Ойын барысы: Әр топ «миқатырғыш пазлдар» алады. Мақсат – бөліктерді жылдам жинау.

Жаттығудың психологиялық мәні: Қатысушылар ойын түрінде командада тиімді әрекет жасауға, рөлдерді бөлуге, жұмыс сапасын жақсартуға, ортақ мақсатқа жетуге үйренеді.

Талдау: Командада тапсырманы орындау қалай болды? Неліктен? Тапсырманы тиімді орындау үшін не қажет деп ойлайсындар?



Қортынды

Оқушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау. Алынған білімдік нәтижелердің алдын ала жоспарланған нәтижелерге сәйкестік дәрежесін анықтау. Қатысушыларға оқытуды бағалау, бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін, критериалды бағалаудың сабақ үрдісіндегі маңыздылығын көрсету.

Рефлексия:

Рефлексия /5минут/

Сабакты толықтай меңгердім.

Кей түсінбеген тұстарым.....

Сабак барысында ең ұнаған тұстары

Осы тақырып төңірегінде білгім келеді.....

Әлсіз тұстары

Ұсынысыңыз

Құрастырған оқытушы:

Тогусова А.А

Салибекова Н.И